„Қалған дүние" және „Өмірзая" романдарындағы адам тағдырының бейнелеуін салыстырыңыз

„Өмірзая" және „Қалған дүние" романдары бір естігенге қарапайым болып көрінгенімен, мән-мағынасы тереңде жатқан, сол кездегі замана көрінісін оқырманға аса байыппен жеткізген ерекше туындылар. Екі шығармадағы негізгі ой өмірдің құр босқа зая өтуі. Бұл ойды роман авторлары кейіпкерлер төңірегінде бейнелей отырып, көркем түрде аша білді деп ойлаймын. Яғни аталмыш туындыларда адам тағдыры-ның, сонымен қатар заман шындығының көрінісінде өзіндік ұқсастықтар мен ерекше-ліктер бар. Ендеше әр романға толығырақ тоқтала өтейін.

Ең алдымен „Өмірзая" романы жайлы сөз қозғасам. „Өмірзая" аты айтып тұрғандай өмірдің зая, еш пайдасыз өтуі бейнеленген шығарма. Аталмыш романдағы басты кейіпкер-лер профессор мен оның шәкірті. Бұл екі кейіпкер Кенесары хан туралы деректер жинап, ол жайлы мақалалар жариялаған болатын. Алайда сол іс-әрекеттері үшін билік қысымын көріп, өмірлері түрме мен жындыханада өтеді. Әрі бұл шығармада әке мен бала арасындағы сатқындық та көрініс тапқан. Жоғары жақта жұмыс істейтін баласы өз әкесін жындыханаға


ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

отырғызуы осы сөзімен дәлел бола алады. Сондай сатқындықты әрі биік қосылып көріп өмір сүрген кейіпкерлер арқылы автор адам тағдырын сипаттап, өмірдің зая өткендігін көрсетеді.

Келесі кезекте „Қайран дүние" романына тоқталайық. „Ахау, дүние, өмір қайран-ай" деп, халық әнінен осы үзіндіні эпиграф ретінде алған бұл шығармада да атауы айтып тұрғандай, өмірдің қайран атануы, яғни осыған дейін сөз болған „Өмірзая" романындағыдай бос, еш пайдасыз өтуі сипатталады. Автор басты кейіпкердің өмірін арқау етіп, „Қайран дүние" сөз тіркесінің мағынасын ашты. Осы тұста біз екі романның басты идеясында ұқсастық бар екенін байқай аламыз. Ол „зая өмір", ал „бес күндік дүниенің қайрандығы". Яғни екі романда да авторлар бір мақсатты көздеп, өмірдің құр босқа өтуін сипаттап тұр деп ойлаймын.

Екі романдағы адам тағдырының бейнеленуіне келсек, „Өмірзая" романындағы басты кейіпкер шындық үшін айтылмаған жан ретінде бейнеленеді. Халқы үшін, елі үшін пайдасын тигізе алмай, өмірі зая өткен адам бейнесі көрініс табады. (Ал) „Қайран дүние" романында да кейіпкер өмірі құр бос, өзіне де, өзгеге де пайдасы жоқ



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

тағдыр ретінде бейнеленген. Егер осы екі романдағы адам тағдырының бейнеленуін салыстырсам, екі шығармада да бұл бейнелеу қарапайым әрі түсінікті. Сонда да тақырыптың өзектілігін ашу үшін қосар үлесі зор десем артық етпес. Осы орайда осы тақырыбына байланысты өз қаламымнан туған мына өлең жолдарын ұсынсам:

„Өмірзая", „Қайған дүние" егіз ұғым,
Байлай түріп, түсінсең сөздің сырын.
Дүниенің қайғасын, зая өмірді,
Бейнелеген, оған қоса, хан тағдырын.

Өз ойымды қорытындылай келе, „Өмірзая" және „Қайған дүние" романдары негізгі идеясымен, бейнеленген адам тағдырымен өзара ұқсастық тапқан әдебиетіміздегі ерекше шығармалар. Аталмыш роман авторларының бейнелеу тәсілі түсінуге жеңіл, қарапайым әрі тақырып өзектілігін аша алады деп ойлаймын.